

№ 455 болып тіркелген "24 Бухгалтерлік қызметтерді ұйымдастыру" бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы № 455 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы № 101 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 2 сәуірде тіркелді. Тіркеу № 2225. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. № 217 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. № 217 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бухгалтерлік есептің нормативтік базасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "24 Бухгалтерлік қызметтерді ұйымдастыру" бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы № 455 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 11 ақпандағы № 455 тіркелген және 1998 жылы "Қаржы, салық, бухгалтерлік есеп, сақтандыру жөніндегі нормативтік актілердің" 11 (71) арнайы шығарылымда ресми жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 24 "Бухгалтерлік қызметтерді ұйымдастыру" бухгалтерлік есеп стандартына:

1-тармақта ескерту алынып тасталсын;
стандарттың барлық мәтіні бойынша "субъектілердің", "субъект", "субъектілері", "субъектілерде", "субъектісіне", "субъектінің", "субъектілер", "шаруашылық операцияларын", "шаруашылық операцияларының", "шаруашылық операциялары", "басшы", "басшысы", "машина", "мүлікті түгендеу мен қаржылық міндеттемелердің", "мүлікке және ақшалай міндеттемелерге", "мүліктер мен міндеттемелердің" деген сөздер тиісінше "ұйымдардың", "ұйым", "ұйымдары", "ұйымдарда", "ұйымына", "ұйымның", "ұйымдар", "операциялары мен оқиғаларын", "операциялар мен оқиғаларының", "операциялары мен оқиғалары", "басшылық", "басшылығы", "электронды", "активтерді және міндеттемелерді түгендеудің", "активтер мен міндеттемелерге", "активтер мен міндеттемелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың абзацындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Бухгалтерлік есеп туралы" Жарлығымен" деген сөздер "Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы стандарт қызметін реттеу мен қадағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүктелген ұйымдарды қоспағанда, бухгалтерлік қызметті ұйымдастыру кезінде ұйымдардың барлық түріне қолданылады.";

4-тармақтағы "субъект іс-қимылының шаруашылық процестері мен қаржылық қорытындысы", "кредиторлардың" деген сөздер тиісінше "кәсіпкерлер мен ұйымдардың қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістері", "қарыз берушілердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бесінші абзацындағы "операцияларға, сондай-ақ басқа да шешімдерге бақылау тәртіптерін дайындауды жүзеге асырады" деген сөздер "операцияларға бақылау тәртіптерін дайындауды жүзеге асырады, сондай-ақ басқа да шешімдер қабылдайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші абзацындағы "фирмалар", "алғашында шартпен" деген сөздер тиісінше "ұйымдар", "шартты негізде" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ұйым бухгалтерлік есеп шоттарының үлігілік жоспарына сәйкес екі жазба жүргізу жолымен активтердің, міндеттемелердің меншікті капиталдың, кірістер мен шығыстардың болуы мен қозғалысына байланысты операциялар мен оқиғалардың бухгалтерлік есебін жүргізеді.";

10 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "Есеп саясаты және оны ашу" 1 БЕС белгілеген ережелеріне сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Операциялар мен оқиғаларды ресімдеу үшін қолданылатын бастапқы құжаттарға арналған нысандарды немесе оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітеді.";

14 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Уәкілетті орган нысандарын немесе нысандарын немесе оларға қойылатын талаптарды бекітпеген, қағазға түсірілген және электронды жеткізушілердегі бастапқы құжаттарды кәсіпкерлер мен ұйымдар дербес әзірлейді және оларда мынадай деректемелер міндетті түрде қамтылуға тиіс:";

төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтар мынадай

редакцияда

жазылсын:

"Ұйымның атауы немесе атына құжат жасалған кәсіпкердің тегі және аты - жөні ;

операцияның немесе оқиғаның мазмұны;
операцияның немесе оқиғаның өлшем бірлігі (сандық және құндық шағылымда) ;

лауазымдар атауы, тектері, аты-жөні және операцияның жасалуына жауапты тұлғалардың қолы (оқиғаны растау) және оны рәсімдеу дұрыстығы.";

тоғызыншы абзацтағы "операция" деген сөзден кейін "немесе оқиға" деген сөздермен толықтырылсын;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Бастапқы құжаттарды және бухгалтерлік есеп тіркелімдерін электронды жеткізушілерде жасаған кезде кәсіпкерлер мен ұйымдар операциялардың басқа қатысушылары үшін, сондай-ақ осындай талап ету құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған мемлекеттік органдардың талабы бойынша қағаз жеткізушілерінде осындай құжаттардың көшірмесін дайындауы тиіс.";

17-тармақтағы "банктік" деген сөзден кейін "бастапқы" деген сөзбен толықтырылсын;

18-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Есепке алуға қабылданған бастапқы құжаттарда қамтылған ақпарат нысандарын немесе оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітетін бухгалтерлік есепке алу тіркелімдерінде жинақталады және жүйелендіріледі.";

19-тармақтың екінші абзацындағы "Субъект" деген сөз "кәсіпкерлер немесе ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Кәсіпкерлер мен ұйымдар бухгалтерлік есепке алудың бастапқы құжаттарын, қағазға түсірілген және (немесе) электронды жеткізушілердегі бухгалтерлік есепке алудың тіркелімдерін, қаржылық есеп беруді, есеп саясатын, есепке алу деректерінің электрондық өңдеу бағдарламасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кезең ішінде сақтауға міндетті.";

24-тармақтағы "есеп жылындағы" деген сөз "есеп кезеңіндегі" деген сөзбен ауыстырылсын;

25 - тармақта :

үшінші абзацтағы "сондай-ақ" деген сөзден кейін "негізгі құралдардың және/немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бөліну балансын жасар алдында ұйымды қайта ұйымдастырған кезде және

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда;";
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"жылдық қаржылық есептілікті жасаған кезде жүргізіледі.";

2. Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Л.А.Ивановке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қаржы министрі